



XҒТАР 04.51.67

<https://doi.org/10.32523/3080-1702-2026-154-1-99-118>

Зерттеу мақаласы

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ЖЫНЫСТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫ: БІЛІМІ, ҰСТАНЫМЫ МЕН КЕДЕРГІЛЕР

А.А. Мусабалинова*¹, А.С. Беймишева², М.Е. Ауелтай³, Д.Қ. Қуаныш⁴

¹КИМЭП университеті, Алматы, Қазақстан

^{2,3,4} Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: *¹a.mussabalinova@kimep.kz, ²aigul.beimisheva@narхоз.kz,
³meirman.auyeltay@narхоз.kz, ⁴kuanysh.dana@narхоз.kz)

Аңдатпа. Зерттеу мақсаты – мектеп ортасындағы жыныстық сауаттылық мәселелеріндегі жасөспірімдердің білімін, көзқарасы мен тәжірибесін, сондай-ақ жыныстық сауаттылықты дамыту мүмкіндіктері мен шектеулерін анықтайтын факторларды кешенді зерделеу. Зерттеу сандық және сапалық әдістерді қамтыды. Сандық сауалнама тақырыпты талқылауда жасөспірімдердің хабардарлық деңгейін, ақпарат көздерін және талқылаудың ашықтық дәрежесін анықтауға мүмкіндік берсе, педагогтермен, ҮЕҰ өкілдерімен, медицина және мемлекеттік қызметкерлермен сапалы интервью әлеуметтік-мәдени, институционалдық және әлеуметтік кедергілерді тереңірек түсінуге, сондай-ақ жыныстық сауаттылықты түсіндіруде қолайлы формалар мен мазмұнды анықтауға көмектесті.

Сандық талдау кросс-секциялық дизайнға негізделді және анонимді сауалнама түрінде жүргізілді. Сауалнама 22 сұрақты қамтыды, олар негізгі сегіз тақырыптық блокқа топтастырылды: хабардарлық деңгей, ақпарат көздері, талқылаудың ашықтығы, жыныстық сауаттылықты мектепте оқытуға көзқарас, өзара байланыс тәжірибесі мен кедергілері, ақпараттандырудың маңыздылығы, білімдер мен түсініктер деңгейі, қорытынды тұжырымдар. Зерттеуге барлығы 100 жасөспірім қатысты. Іріктеме қолжетімділік қағидаты бойынша құрылып, негізінен қалалық респонденттерді (88%) қамтығандықтан, алынған нәтижелерді Қазақстанның барлық жасөспірімдеріне жалпылау дәрежесі шектеулі. Деректерді өңдеу Excel және Jamovi 2.6.44 бағдарламаларында сипаттамалық статистиканы қолдана отырып іске асырылды.

Сапалық талдау барысында деректерді жинау үшін жартылай құрылымдалған сұхбат әдісі қолданылды. Ол жыныстық сауаттылықты қабылдау мен оған қарсы тұрудың әлеуметтік-мәдени аспектілері, білім беру жүйесінің институционалдық дайындығы, сондай-ақ сыртқы жағдайлар мен жүйелік факторлар секілді тақырыптық блоктарды қамтыды. Зерттеуге үкіметтік емес ұйым, білім беру саласының орталық органдары өкілдерінен, педагогтер, дәрігерлер, медицина қызметкерлерінен барлығы 19 адам қатысты. Деректер транскрипцияланып, кодталып, тақырыптық талдау жұмыстары жүргізілді.

Нәтижелер жасөспірімдердің жыныстық сауаттылығы туралы негізгі ақпарат көзі әлеуметтік медиа болып қала беретінін, ал ата-аналар, педагогтер мен медицина қызметкерлерінің рөлі шектеулі екенін көрсетті. Талқылаудағы кедергілер мәдени көзқарастармен (ұят), ата-аналардың қарсылығымен және мектептерде институционалдық қолдаудың болмауымен байланысты. Жасөспірімдер отбасы, мектеп және мемлекет арасындағы ынтымақтастыққа негізделген жыныстық сауаттылықтың жүйелі және мәдени бейімделген моделіне үлкен қажеттілік білдіреді.

Негізгі ұғымдар: жыныстық сауаттылық, жасөспірімдер, гендерлік ерекшелік, әлеуметтік кедергілер, ата-ана және мектеп, ақпарат көздері

Түсті: 23.10.2025; Жөнделді: 26.03.2026; Мақұлданды: 27.03.2026; Онлайн қолжетімді: 31.03.2026

*хат-хабар авторы

Кіріспе

Жыныстық сауаттылық жаһандық деңгейде де, жергілікті деңгейде де тың тақырып емес. Соған қарамастан, кейбір елдерде мемлекеттік саясат пен мәдениеттің өзгеріске түсуіне байланысты жаңа көзқарасты талап етеді. Посткеңестік мемлекеттерде жыныстық сауаттылыққа қатысты көзқарас тарихи мұра, мемлекеттік саясат және өзгеруші мәдени нормалардың күрделі өзара байланысы нәтижесінде қалыптасты. Градскова және басқалары атап өткендей, постәлеуметтік қоғамдар жыныстық нормаларға қатысты бірқатар өзгерістерді бастан кешірді, бірақ көбі әлі күнге дейін кеңестік дәуірден мұраға қалған консервативті таптаурындармен күресуде (*Gradska et al., 2020*). Мемлекеттік саясат әдетте дәстүрлі гендерлік рөлдерге басымдық беріп, жыныс мәселесіне қатысты дискуссиялар саяси және әлеуметтік тұрғыда өте даулы тақырып болып қалуда. Benavides-Torres және басқалары посткеңестік мемлекеттердегі жыныстық сауаттылық айтарлықтай ерекшеленетінін атап өтті (*Benavides-Torres et al., 2018*): кей елдер прогрессивті модельдерді қабылдаса, кейбірі мәдени және діни ықпалдарға байланысты шектелуде. Жыныстық сауаттылық бойынша стандартталған, шынайы деректерге негізделген оқу бағдарламаларының болмауы жастардың шынайы ақпаратқа қолжетімділігін шектейді, репродуктивті денсаулық, жыныстық зорлық-зомбылық және дискриминацияға байланысты қауіптерді көбейтеді. Бұл мәселелер жаңартылған, инклюзивті және жыныстық сауаттылық бойынша мәдени ерекшеліктерді ескеретін саясатты қажет ететіндігін белгілей түседі. Ғалымдардың деректеріне сәйкес, Орталық Азия елдерінде жасөспірімдердің туу деңгейі жоғары екендігіне қарамастан, жыныстық сауатты болу міндетті болып есептелмейді немесе ішкі қарсылықтарға байланысты мүлдем жүргізілмейді (*Benavides-Torres et al., 2018*).

Орталық Азиядағы жыныстық сауаттылық мәдениеті мен фактілері

Орталық Азияда жыныстық сауаттылық мәселесі біркелкі емес және әртүрлі деңгейде. Қазақстанда 2009 жылы «валеология» концепциясы шеңберінде денсаулық курсына жыныстық сауаттылықты кіріктіретін құқықтық база ендірілді. Алайда оның қамтылуы шектеулі және гендерлік теңдік, қарым-қатынас емес, көбіне биологиялық аспектілерге негізделген (*Ketting and Ivanova, 2018*). Қырғызстанда осы секілді шаралар 2015 жылы қабылданды, бірақ оларды іске асыру діни және отбасылық топтар тарапынан қоғамдық қарсылықтарға байланысты қиындықтарға кезікті (*UNFPA, 2021*). Тәжікстанда жыныстық сауаттылық «денсаулық» пәні аясында міндетті болып табылғанымен, мәдени және діни факторлар оның кешенділігін шектеді (*Wellings et al., 2016*). Жыныстық жолмен берілетін инфекциялар жөнінде білімдер қоғамдық денсаулыққа үлкен қауіп төндіреді (*UNFPA, 2021*). Кешенді жыныстық сауаттылықтың айқын қажеттілігіне қарамастан, саяси және қоғамдық көзқарастар оның дамуына әлі де кедергі келтіруде. Құрылымдалған, дәлелдерге негізделген бағдарламаларға қолжетімділік өңірлердегі жасөспірімдердің репродуктивті денсаулық мәселелерін шешу үшін маңызды шарт деп қарастыруға болады (*UNESCO, 2022*).

Өңірлердегі жыныстық сауаттылыққа қатысты орын алған жағдай әр елде әртүрлі және нақты елдер контекстінде даулы деген тұжырым жасауға болады. Соған қарамастан, жыныстық сауаттылыққа қатысты контекст бір ел ішінде өзгеріске түсуі де ықтимал. Дәл осы жағдай қазіргі Қазақстанда көрініс табады.

Қазақстанда тәуелсіздік жылдарындағы жыныстық сауаттылықтың саяси аспектісі Қазақстан – Қытаймен, Ресеймен, Қырғызстанмен, Өзбекстанмен және Түркіменстанмен шектесетін Орталық Азия мемлекеті. Халық саны 20 миллионға жуық десек, оның үштен бірі – балалар. Соңғы санақ нәтижесіне сүйенсек (2021), халықтың 70%-ы қазақтар, сондай-ақ 70-тен астам этникалық топтар өмір сүреді. Халықтың 70%-ы ислам дінін ұстанады (*Ұлттық статистика бюросы, 2025*). Кең территория, әртүрлі ұлттардың өмір сүруі және көрші елдер ықпалы тұрғындар арасындағы жыныстық сауаттылық мәселелеріне ықпал етеді.

Қолданыстағы әдебиет тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы, сондай-ақ қазіргі кездің контекстін сипаттайды. Бастапқы зерттеулерде жыныстық сауаттылықты бастауыш мектептен бастау жөнінде пікірлер көрініс тапты. Ғалымдар (*Shkutina and Kushnir, 2005*) кіші мектеп жасындағы балалардың жыныстық сауаттылығы қажеттілігін әлеуметтік-демографиялық, құқықтық және педагогикалық аргументтермен, жасөспірімдер арасында кездесетін аборт, инфекциялардың тарауы және балаларды құқықтық қорғау қажеттілігімен негіздейді. Авторлар үш негізгі бағытты белгілейді: балалармен жұмыс, ата-аналармен өзара байланыс және педагогтердің өз білімін жетілдіруі. Жыныстық сауаттылық дамуының маңызды кезеңі 2001 жылы Қазақстан Республикасындағы адамгершілік-жыныстық тәрбие жөніндегі тұжырымдамасының қабылдануы болды (*Қазақстан Республикасы Үкіметі, 2001*). Бұл құжат мұғалімдерді, медицина қызметкерлерін және ата-аналарды даярлаудың бірыңғай бағдарламаларын құруды көздеді.

Осылайша, авторлар жыныстық сауаттылық ерте жаста әлеуметтік бейімделудің маңызды бөлігі екені және болашақтағы қауіптердің алдын алатыны жөнінде қорытынды жасайды. Дегенмен авторлар мемлекет тарапынан қолдаудың болғанына қарамастан, әлеуметтік-мәдени шектеулерге және стандартталған оқу бағдарламаларының болмауына байланысты қиындықтардың сақталғанын белгілейді.

Өзгерістер соңғы онжылдықта орын алды, бұл кезде жыныстық сауаттылық міндетті мектеп білімінің бөлігінен алынды және Қазақстан Республикасындағы адамгершілік-жыныстық тәрбие жөніндегі тұжырымдамада (2001) «валеология» мемлекеттік мектеп бағдарламасына кірмеді (*Қазақстан Республикасы Үкіметі, 2001*). Мектеп деңгейінде жыныстық сауаттылықтың бірыңғай жүйесі жоқ. Осыған қарамастан, бұл мәселе бойынша пікірталас көптеген жылдар бойы жүргізіліп келеді. Статистикаға сүйенсек, ерте неке деңгейі шамамен 6%-ды құрайды (3% – тіркелмеген неке), бұл 15-19 жастағы 37 694 қызға және 15-19 жастағы 12 859 ұлға сәйкес келеді (*Ұлттық статистика бюросы, 2025*). Ерте жүктілік деңгейі 1000 қызға шаққанда 36-ны құрайды (*Telzhan, 2022*): орташа алғанда, 15-19 жас аралығындағы 100 қыздың 3-еуі жүкті болады және бұл жағдайлардың 15%-ы түсік жасатумен аяқталады (*UNFPA Kazakhstan, 2020*). 2016 жылы 15-16 жас аралығындағы қыздардың босану саны 4 254 құрады (*Kabatova, 2018*). Сондай-ақ гендерлік аспектілерге байланысты балалар суицидтері мен мектептегі қорқыту проблемалары бар (*Jumageldinov et al., 2020*) және жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың таралуы жоғары болып қала береді (*Ұлттық статистика бюросы, 2025*). Қазақстандағы балалардың шамамен 30%-ы жыныстық өмірді 15-17 жас аралығындағы мектеп жасында бастайды (*Қазақстан Республикасы Үкіметі, 2001*). Соңғы зерттеулер ақпараттың негізгі көзі интернет екенін көрсетеді (*Nurtaza et al., 2021; Kabatova, 2022*). Нәтижесінде балалар жоспарланбаған жүктіліктің алдын алуды және репродуктивті

денсаулығын жыныстық жолмен берілетін инфекциялардан қалай қорғануды білмейді (Kabatova, 2022). Тағы бір мәселе – Қазақстандағы кейбір респонденттер жыныстық сауаттылықты ата-аналардың міндеті деп санайды (UNFPA Kazakhstan, 2020a; UNFPA Kazakhstan, 2020b). Алайда ата-аналар балалармен жыныстық қатынас туралы мүлдем сөйлеспейді немесе бұл тақырыпта сөйлесу үшін құзыреттіліктің болмауына байланысты шектеулі талқылайды (Kabatova, 2022). Бұл тұйық шеңбер көшеде балалардың туылуы, жаңа туған нәрестелерден бас тарту, кеш түсік түсіру, ересек жаста күрделі жүктілік және басқа да психологиялық қиындықтар секілді салдарға әкеледі.

Жыныстық сауаттылыққа жүйелі көзқарастың болмауы және жалпы Қазақстанда халықтың бір бөлігінің мәдени қарсылығы балалардың құқықтарының бұзылуына алып келеді. Адамның өз денесі туралы және оны қалай қорғау керектігін білуі – баланың және жалпы кез келген адамның құқығы. Адам құқықтарына негізделген жыныстық сауаттылық қалыптасқан стереотиптік гендерлік нормаларды өзгертеді (UN Special Rapporteur on freedom of religion or belief, 2010).

Бала құқықтары туралы алғашқы халықаралық шарттардан айырмашылығы, БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясы (1989) балаларға саяси және азаматтық құқықтармен қатар құқық иесі мәртебесін береді, оның ішінде баланың жеке басын, талантын, ақыл-ой және физикалық қабілеттерін толық дамытуға, сондай-ақ баланы барлық халықтар арасындағы түсіністік, бейбітшілік, толеранттылық, жыныстар теңдігі және достық рухында еркін қоғамдағы жауапты өмірге дайындауға бағытталған білімге мүмкіндік береді. Сонымен қатар Конвенция қатысушы мемлекеттерден жынысы мен жасына байланысты кемсітушіліктің алдын алу, балаларды жыныстық зорлық-зомбылықтан қорғау және балаларды жыныстық теңдік рухында ересек өмірге дайындау бойынша шаралар қабылдауды талап етеді.

Отбасы үлкен маңызға ие, бірақ егер отбасы баланы қамтамасыз ету немесе қорғау функциясын орындамаса, мемлекеттің араласуы қажет етіледі. Сонымен қатар мемлекет араласуға міндетті болатын жағдайларға қатысты нақты критерийлер жоқ. Балаларды денесі мен гормондарының өзгеруіне, жыныстық сәйкестігіне, денсаулық сақтау мәселелеріне және әртүрлі жыныстағы және жастағы құрдастарымен қарым-қатынас орнатуға үйретуге қатысты міндет отбасы немесе мемлекетке қатысты екендігі жөнінде нақты келісім жоқ. Еуропалық одақтың кейбір елдері (мысалы, Дания, Швеция, Финляндия және Нидерланды) бұл жауапкершілікті отбасымен бөліседі және жыныстық сауаттылықты қолдайды (Benavides-Torres et al., 2018). Алайда бұл жауапкершілікті отбасымен бөліспейтін елдер мәселені ашық күйінде қалдыруда және мектептегі қорқыту, суицид, ерте жүктілік, АИТВ-ның таралуы және ерте неке сияқты ақпараттық вакуумның салдарына алып келеді.

Әдебиетте талқыланған «Баланың ең жақсы мүдделері» туралы түсінікке сәйкес (Kelly, 1997; Mendes and Ormerod, 2019), баланың ең жақсы мүдделері – оның жан-жақты дамуы мен ересек өмірге дайындығы. Жыныстық жетілу кезіндегі балалар уақытының көп бөлігін мектептегі құрдастарымен өткізеді, сондықтан олардың мінез-құлқын мектептегі ересектер растай алады. Сонымен қатар әлеуметтік нормалар – мектепте де, отбасында да болатын әлеуметтенудің бөлігі.

Жоғарыда аталған салдардың алдын алу үшін жасөспірімдерді тәрбиелеуде мемлекет пен отбасы арасындағы жауапкершілікті бөлу ақылға қонымды және мәдени контекстке сәйкес келуі керек.

Зерттеу әдіснамасы

Осы зерттеу аясында жыныстық сауаттылық – ағзаның физиологиялық өзгерістерін, репродуктивті денсаулық мәселелерін, жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың алдын алу мәселелерін, сондай-ақ қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын, жеке шекараларды құрметтеу және сенімді ақпарат көздеріне жүгіну қабілетін түсінуге байланысты жасөспірімдердің білімдері, көзқарастары мен идеяларының жиынтығы. Бұл мақалада жыныстық сауаттылық тек биологиялық білім ретінде ғана емес, сонымен қатар коммуникативті тәжірибені, ақпаратқа қолжетімділікті және тиісті тақырыптарды талқылауға және игеруге әсер ететін әлеуметтік-мәдени кедергілерді қамтитын көп компонентті құбылыс ретінде қарастырылады.

Мұндайда жыныстық және гендерлік сауаттылық ұғымдарын ажырату керек. Жыныстық сауаттылық физиология, репродуктивті денсаулық, инфекцияның алдын алу және қауіпсіз мінез-құлық туралы білімді қалыптастыруға бағытталған. Өз кезегінде, гендерлік сауаттылық әлеуметтік рөлдер, жынысқа қатысты нормалар мен пікірлер, сондай-ақ теңдік пен сәйкестік мәселелері туралы идеяларды қалыптастырумен байланысты. Осы зерттеу контекстінде негізінен жыныстық сауаттылыққа назар аударылады, алайда алынған мәліметтер гендерлік сауаттылық нормаларының жасөспірімдердің ақпарат пен мінез-құлықты қабылдауына әсерін де көрсетеді.

Бұл тұрғыда келесі ұғымдарды да ажырату маңызды:

- жыныстық тәрбие – жасөспірімдерде жыныстық даму, денсаулық және жауапты мінез-құлық туралы білімді қалыптастыру процесі;
- гендерлік тәрбие – қоғамда бар гендерлік рөлдер мен нормалар туралы түсініктерді қалыптастыру.

Зерттеудің сандық бөлімі кросс-секциялық дизайнда жүргізілді және осы зерттеуге қатысқан қазақстандық жасөспірімдер арасында жыныстық сауаттылыққа қатысты білімдерді, мақсаттарды және кедергілерді анықтауға бағытталды. Әдіснамалық негіз ретінде сандық әлеуметтік сауалнама алынды, ол берілген тақырыпта жасөспірімдердің ақпараттандырылу деңгейі, білім көздері және әлеуметтік ортамен өзара байланысу ерекшеліктері жөнінде шынайы деректерді алуға мүмкіндік берді.

Сауалнама Google форма негізінде жүргізілді және оған жалпы білім беретін мектептерде оқитын 13-17 жас аралығындағы 100 жасөспірім қатысты оның ішінде 88 білім алушы қалалық мектепте білім алады. Іріктеме қолжетімділік қағидатымен құрылғандықтан, респонденттердің басым бөлігі қалалық елді мекендерді құрады. Осыған байланысты алынған нәтиже негізінен қалалық жасөспірімдердің көзқарастары мен тәжірибесін көрсетеді және оны Қазақстанның барлық жасөспірімдеріне, әсіресе ауылдық жерлерде және шалғай өңірлерде тұратындарға тікелей жалпылау мүмкін емес. Іріктеме гендерлік теңдікті ескере отырып қолжетімділік қағидаты негізінде жүргізілді. Сауалнамаға ерікті қатысу респонденттер мен олардың ата-аналарын немесе заңды өкілдерін алдын ала хабарландыру негізінде қамтамасыз етілді. Барлық респондент қатысуға келісім берді, олардың жауаптарының құпиялылығына кепілдік берілді.

Сауалнама 8 блокқа топтастырылған 22 сұрақты қамтыды.

1-блок: хабардарлық деңгейі (5-6 сұрақтар): «жыныстық сауаттылық» термині, оның мазмұны жөнінде хабардарлық, жасөспірімдердің жыныстық сауаттылыққа құқығы және бұл тақырыптың маңыздылық деңгейі жөнінде сұрақтарды қамтыды.

2-блок: ақпараттандыру көздері (7-сұрақ): жасөспірімдердің ақпаратты қандай дереккөздерден (ата-ана, мұғалімдер, көршілер, әлеуметтік желі, БАҚ және т.б.) алатынын анықтады.

3-блок: талқылау ашықтығы (8-сұрақ): жасөспірімдердің жыныстық сауаттылық тақырыбына қатысты ата-анасымен, бауырларымен, достарымен, мұғалімдерімен, медицина қызметкерлерімен және әлеуметтік желілерде қаншалықты ашық сөйлесетіні бағаланды (1-5 аралығындағы шкала).

4-блок: жыныстық сауаттылықты мектепте оқытуға көзқарас (9-13 сұрақтар): жыныстық сауаттылық қажеттілігі, оны іске асыру формасы (сыныптан тыс шаралар, факультативтер, дәрістер), сабақ ретінде ұйымдастыруға болатын пәндер, талқылауды қажет ететін тақырыптар жөнінде жасөспірімдер пікірі зерделенді.

5-блок: өзара байланыс тәжірибесі және кедергілер (10-13 сұрақтар): ата-аналармен, мұғалімдермен және медицина қызметкерлерімен осы тақырыпта сөйлесу тәжірибесі, талқылауға кедергі келтіретін факторлар (ұят, дәстүр, тәрбие, сенімсіздік, мәдени және тілдік ерекшеліктер) қарастырылды.

6-блок: жыныстық сауаттылық кімге маңызды (14-сұрақ): мақсатты топ жөнінде пікірлерді зерделеді (ұл балалар үшін, қыз балалар үшін, барлығы үшін).

7-блок: білімдер мен түсініктер деңгейі (15-18 сұрақтар): физиология, босануға болатын жас, жыныстық жолмен берілетін инфекциялар жөнінде білімдер бағаланды.

8-блок: қорытынды тұжырымдар (19-22 сұрақтар): жыныстық сауаттылықты мектепте оқыту практикасын қабылдау, жасөспірімдердің бағдарламаға қосылуы маңызды деп есептейтін тақырыптар жалпыланды.

Деректерді өңдеу Microsoft Excel және Jamovi бағдарламаларын қолданып жүзеге асты. Жабық сұрақтарды қамтитын блоктар абсолютті (n) және салыстырмалы (%) жиіліктер есептелді. Шкалалы сұрақтар үшін (8-сұрақ) сипаттамалы статистика: орташа мән, медиана және стандартты ауытқу есептелді. Нәтижелер кестелер мен диаграммалар түрінде берілді. Бұл статистикалық дәлдікті де, нәтижелерді визуализациялау мүмкіндігін де қамтамасыз етті.

Сипаттамалық статистикадан басқа, топтар арасындағы айырмашылықтардың статистикалық маңыздылығын тексеру жүргізілді. Шкалалық көрсеткіштер үшін (1-5 шкаласы) тәуелсіз үлгілер үшін Манн-Уитнидің параметрлік емес критерийі қолданылды. Статистикалық маңыздылық деңгейі $p < 0,05$ -ке тең деп қабылданды.

Зерттеу барысында барлық этикалық қағидаттар сақталды. Барлық респонденттер зерттеу мақсаты, қатысу талаптары және қатысудан бас тарту құқығы жөнінде толық ақпараттандырылды. Сауалнама анонимді жүргізілді. Сұрақтар жасөспірімдердің мәдени жас ерекшеліктерін ескере құрылды. Бұл психологиялық дискомфорт қаупін азайтуға мүмкіндік берді.

Зерттеудің сапалық бөлігі Қазақстанда жыныстық сауаттылықты қабылдау мен енгізуге әсер ететін әлеуметтік-мәдени, институционалдық және сыртқы факторларды тереңірек түсінуге бағытталды. Әдіс ретінде жартылай құрылымдалған интервью қолданылды, бұл әртүрлі әлеуметтік факторлардың жыныстық сауаттылық бағдарламаларын енгізуге қабылдаудың, кедергілердің және дайындықтың ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеуге 19 респондент қатысты: үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері (N=8), педагогтер (N=5), дәрігерлер (n=3), орталық білім беру (n=2) және денсаулық сақтау

(n=1) органдарының қызметкерлері. Қатысушылар арасында 14 әйел мен 5 ер адам болды, бұл гендерлік әртүрлілікті қамтамасыз етті.

Интервью үш негізгі тақырыптық блокты қамтыды:

- *жыныстық сауаттылықты қабылдау мен оған қарсы тұрудың әлеуметтік-мәдени аспектілері* – мәдени кедергілер, мектептегі жүйелі кедергілер, ата-аналардың әлеуметтік қарсылығы, сондай-ақ «жыныстық сауаттылық» ұғымын түсіндіру;

- *білім беру жүйесінің институционалдық дайындығы* – педагогтердің дайындығы мен құзыреттілігі, сондай-ақ мектепте жыныстық сауаттылықты интеграциялау үшін жүйелік мүмкіндіктерді бағалау;

- *сыртқы жағдайлар мен факторлар* – балалардың құқықтары, мемлекеттің рөлі, инфрақұрылымдық және экономикалық жағдайлар, ақпараттық орта және қауіпсіздік мәселелері.

Сапалық зерттеу барысында барлық этикалық қағидалар сақталды. Әрбір қатысушыдан интервьюге қатысуға және алынған деректерді пайдалануға алдын ала келісім алынды. Жиналған аудио және бейне материалдар толықтай мәтін түрінде жазылып, жеке деректер құпия сақталды. Сұрақтар мәдени және жас ерекшеліктер ескеріле отырып құрастырылды, бұл олардың психологиялық қолайсыздық сезінбеуіне және сұхбаттың сенімді жүруіне ықпал етті.

Нәтижелер және талқылау

Респонденттердің «Жыныстық сауаттылық дегенді қалай түсінесіз?» сұрағына жауаптарын талдау (5-сұрақ) түсініктердің «медициналық-биологиялық» бейімділікке ие екенін көрсетті. Бұл сұраққа бірнеше жауап таңдау мүмкін болғандықтан, барлығы 214 жауап тіркелген, оның ең үлкен үлесі «АИТВ/ЖИТС және басқа жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың алдын алу туралы ақпарат» (50 жауап – 23,4%) және «Жыныс мүшелерінің анатомиясы және физиологиясы (менструалды цикл, эякуляция)» (32 жауап – 15,0%) жауап нұсқаларына тиесілі болды (1-кесте).

Бұл көрсеткіштер жасөспірімдердің жаппай түсінігінде жыныстық сауаттылық ең алдымен АИТВ/ЖИТС алдын алумен, яғни биологиялық біліммен байланысты екенін, ал әлеуметтік-психологиялық компоненттер айтарлықтай әлсіз екенін айқындайды.

1-кесте. Респонденттердің «жыныстық сауаттылық» ұғымын түсінуі


Респонденттердің «жыныстық сауаттылық» ұғымын түсінуі	Жауаптар саны	%
АИТВ/ЖИТС және басқа жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың алдын алу туралы ақпарат	50	23,4
Өз денеңді қабылдау және салауатты қарым-қатынасты дамыту	27	12,6
Жоспарланбаған ерте жүктіліктің алдын алу әдістері	26	12,1
Жыныстық ориентация және гендерлік сәйкестікті түсіну және қабылдау	21	9,8
Қарым-қатынас және шекара қоя білу дағдыларын дамыту	20	9,3
Жыныстық қатынас контекстіндегі эмоционалды және психологиялық әл-ауқат	16	7,5
Жауапты ата-ана болу үшін дұрыс уақытты таңдау	7	3,3
Жыныс мүшелерінің анатомиясы және физиологиясы (менструалды цикл, эякуляция)	32	15,0
Жауап беруге қиналамын	15	7,0

Сандық деректер сапалық нәтижелермен үндеседі: интервьюде жыныстық сауаттылықты түсіну фрагментарлы сипатта және гетерогенді болып қала беретіні де атап өтілді. Мәселен, Алма (ҮЕҰ): «жыныстық сауаттылық, бірінші кезекте, балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі туралы» деп атап көрсетеді. Сонымен қатар Сара (ҮЕҰ) жыныстық сауаттылықты гендерлік теңдік мәселелерімен және қыздардың шекараларын қорғау қажеттілігімен байланыстырады, ал Полина (білім беру/балаларды қорғау) терминді бейтарап «өсу дағдылары» деп ауыстыруды ұсынады.

Осылайша, «жыныстық сауаттылық» ұғымы қоғамның әртүрлі топтары үшін түсініксіз және екіұшты болып қала береді. Жалпыға ортақ анықтаманың болмауы бірыңғай түсініктің қалыптасуына кедергі келтіріп, манипуляция мен қорқынышқа жол ашады. Терминді қайта құру және денсаулыққа, қауіпсіздікке, құқықтарға және дамуға баса назар аудару қарсылықтың төмендеуіне ықпал етіп, тақырыпты қоғамдық дискурста қолайлы ете алады.

Жыныстық сауаттылықты алуға құқықтың бары жөнінде хабардарлықты бағалау (6-сұрақ) респонденттердің бұл құқықтары жөнінде білетінін (71%) айғақтады (8%-ы білмейді, 21%-ы жауап беруге қиналады). Бірақ бұл көрсеткіш аталған тақырыптың маңыздылығы мен оның нормативтік құқықтық негіздерін түсінбеу арасындағы айтарлықтай арақашықтық барын көрсетеді.

Жыныстық сауаттылыққа байланысты ақпарат көздерін зерделеу (7-сұрақ) негізгі канал ретінде әлеуметтік желілердің көрініс табатынын белгілейді (1-сурет). Ақпараттандырудың бұл құрылымы жасөспірімдердің жыныстық сауаттылық жөнінде білім алуындағы отбасы мен білім беру ұйымдарының салыстырмалы түрде төмен қатысуын, сәйкесінше бейресми және медиа платформалардың басым рөлін көрсетеді. Шектеулі емес толық қатыспауы олардың жыныстық сауаттылықты қалыптастырудағы рөлін институционалды нығайту қажеттілігін көрсетеді.



Сурет 1. Респонденттердің жыныстық сауаттылыққа қатысты ақпарат алатын көздері

Сандық деректер жасөспірімдер үшін ақпараттың негізгі көзі әлеуметтік медиа екенін көрсетеді. Бұл нәтижелер сапалық талдау нәтижелерінде расталады: ресми білім болмаған жағдайда жасөспірімдер цифрлық ортаға жүгінеді. Алайда мектеп пен ата-аналар көбіне балаларға қандай да бір филтрлерді ұсынбайды, нәтижесінде

жасөспірімдер зиянды контентке тап болуы ықтимал. Анель (ҮЕҰ) атап өткендей: «адамдар қайдан қарау керектігін білсе, оқитын еді». Осылайша, білім алудың негізгі арнасы ретінде әлеуметтік желілердің үстемдігі олардың қолжетімділігімен ғана емес, сонымен қатар жасөспірімдерді «ақпараттық хаоста» қалдыратын мектеп пен отбасы тарапынан жүйелі жұмыстың болмауымен түсіндіріледі.

Жыныстық сауаттылық туралы кіммен талқылайсыз және талқылаудың ашықтық деңгейін бағалаңыз? (8-сұрақ) сұрағына жауаптарды қарастырмас бұрын, сауалнамаға қатысқан ұл және қыз балалар жөнінде статистикалық ақпарат беріп өтсек.

Сауалнамаға барлығы 39 ұл бала пен 61 қыз бала қатысты: 13 жаста – 6 респондент, 14 жаста – 19 респондент, 15 жаста – 19 респондент, 16 жаста – 23 респондент, 17 жаста – 33 респондент. Бұл ретте қыздардың үлесі ұлдардың үлесіне қарағанда біршама жоғары екені алынған нәтижелерді интерпретациялауда ескерілуі тиіс. Бұл көрсеткіш деректерді жинау процесінде жауаптардың нақты құрылымын көрсетеді және топтар арасында салыстырмалы талдау жүргізуге кедергі келтірмейді. Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі қалалық жерде тұрады (88%), ал ауылдық жерлерден тек 12% респондент қатысты. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, іріктеме отбасылардың әртүрлі құрылымын көрсетті: респонденттердің 13%-ы бір баласы бар отбасылардан, 26%-ы – екі баласы бар, 27%-ы – үш баласы бар, 16%-ы – төрт баласы бар және 18%-ы – бес баласы бар отбасылардан шыққан.

Осылайша, іріктеменің басым бөлігі жасөспірімдердің қалалық, екі-үш баласы бар отбасылардан шыққан деп сипаттауға болады.

Сұраққа қайта оралсақ, жыныстық сауаттылық жөнінде мәселелерді респонденттердің басым бөлігі өз достарымен талқылайды (2-кесте). Осылайша, достармен орташа мәндер ұл балаларда $M = 2,95$ және қыз балаларда $M = 2,89$ болды (екі топтағы медиана – 3), бұл басқа маңызды санаттармен қарым-қатынасқа қарағанда айтарлықтай жоғары.

Сыныптастарымен талқылау кезінде салыстырмалы түрде жоғары көрсеткіштер байқалады, бірақ мұнда айқын гендерлік асимметрия тіркеледі: ұл балалар $M = 2,67$ ($M_e = 3$; $SD = 1,30$), ал қыз балалар $m = 2,00$ ($M_e = 1$; $SD = 1,29$).

Ата-аналармен қарым-қатынас кезінде қыз балалар ұл балалармен салыстырғанда ($m = 2,39$; $M_e = 2$; $SD = 1,44$) қарым-қатынасқа ашық түседі ($M = 2,15$; $M_e = 2$; $SD = 1,33$); екі топқа да ұқсас көрініс медициналық қызметкерлермен өзара байланысты белгіленеді ($M = 2,52$ vs $M = 2,23$).

Мектептегі мұғалімдермен қарым-қатынас екі гендерлік топтағы ашықтықтың ең төменгі деңгейімен сипатталады (ұлдар үшін $M = 2,15$; қыздар үшін $M = 1,75$; қыздар үшін медиана-1), бұл осы тақырыпты талқылаудың ресми арнасының шектеулі екендігін көрсетеді. Әлеуметтік желілерде қыз балалардың ұл балалармен салыстырғанда ($M = 2,74$; $M_e = 3$) ашықтық үлесі біршама жоғары ($M = 2,49$; $M_e = 2$).

Жиынтық нәтижелер институционалдық орта өкілдерімен – педагогтермен және медицина қызметкерлерімен талқылаудың салыстырмалы түрде төмендігін, ал бейресми коммуникация арналарының (достары, сыныптастары, әлеуметтік желілері) үстемдігін көрсетеді.

Осылайша, жасөспірімдер арасындағы пікірталастардың ашықтығы негізінен бейресми арналармен анықталады, ал ресми институттар байланыс шетінде қалады. Бұл жасөспірімдермен диалогта отбасының, мектептің және денсаулық сақтау жүйесінің рөлін күшейту қажеттілігін көрсетеді.

2-кесте. Жыныстық сауаттылықты талқылау арналары және ашықтық деңгейі

	Жынысы	n	Орташа мән	Медиана	SD
Ата-ана	1	39	2.15	2	1.33
	2	61	2.39	2	1.44
Аға, әпке	1	39	2.05	2	1.32
	2	61	2.25	2	1.31
Достар	1	39	2.95	3	1.34
	2	61	2.89	3	1.58
Сыныптастар	1	39	2.67	3	1.30
	2	61	2.00	1	1.29
Мектептегі мұғалімдер	1	39	2.15	2	1.27
	2	61	1.75	1	1.15
Медициналық қызметкерлер	1	39	2.23	2	1.33
	2	61	2.52	2	1.40
Әлеуметтік желі	1	39	2.49	2	1.30
	2	61	2.74	3	1.58

*Ескерту: жынысы: 1-ер, 2-әйел

Орташа мәндерді салыстырмалы талдау әлеуметтік ортаның әртүрлі қатысушыларымен тақырыпты талқылаудың ашықтығы деңгейінде ұлдар мен қыздар арасында белгілі бір айырмашылықтардың болуын көрсетеді. Талқылаудың ең жоғары көрсеткіштері құрдастарымен, ең алдымен достарымен және сыныптастарымен қарым-қатынаста байқалады. Сонымен қатар ата-аналармен, мұғалімдермен және денсаулық сақтау мамандарымен тақырыпты талқылау екі топтағы төмен мәндермен сипатталады. Бұл ретте сипаттамалық статистика деңгейінде байқалатын айырмашылықтар олардың статистикалық маңыздылығын тексеруді талап етеді

Анықталған айырмашылықтардың сипатын нақтылау үшін Манн-Уитнидің параметрлік емес критерийін қолдана отырып, олардың статистикалық маңыздылығын тексеру жүргізілді. Талдау нәтижелері гендерлік статистикалық маңызды айырмашылықтар тек сыныптастарымен тақырыпты талқылау көрсеткіші бойынша анықталғанын көрсетті ($U = 1556,0$; $p = 0,007$). Қалған байланыс арналарында (ата-аналар, аға-әпке, достар, мұғалімдер, медицина қызметкерлері және әлеуметтік желілер) ұлдар мен қыздар арасындағы айырмашылықтар статистикалық маңызды емес ($p > 0,05$). Бұл гендерлік айырмашылықтар негізінен құрдастарымен қарым-қатынаста көрінетінін көрсетеді, ал әлеуметтік ортаның ересек қатысушыларымен өзара әрекеттесу ұқсас үлгілерді көрсетеді (3-кесте).

3-кесте. Жыныс айырмашылықтарының статистикалық маңыздылығын тексеру (Манн-Уитни критерийі)

Талқылау арналары	U	p
Ата-ана	1080,5	0,419
Аға, әпке	1066,0	0,361
Достар	1232,0	0,761
Сыныптастар	1556,0	0,007
Мектептегі мұғалімдер	1431,0	0,063
Медициналық қызметкерлер	1050,0	0,309
Әлеуметтік желі	1097,0	0,503

Сандық талдау көрсеткендей, жасөспірімдер негізінен бейресми ортада, ең алдымен достарымен жыныстық сауаттылық мәселелерін талқылайды. Мұның себептерін тереңірек түсіну үшін сапалы мәліметтерге жүгінген жөн. Сапалы деректер бұл алшақтықты түсіндіруге көмектеседі. Мұндайда ең өткір мәселелердің бірі – мұғалімдерді даярлау. Университеттің жүйелі дайындығы, нақты әдістемелік ұсыныстары және психологиялық қолдауы болмаған жағдайда, мұғалімдердің көбі жасөспірімдермен жыныстық сауаттылық мәселелерін талқылауға құзыретті немесе уәкілетті еместігі анықталды. Жандос (педагог) биология пәнінің мұғалімдері тақырыпты оқытуы керек деп санайды, бірақ оның пікірінше, сыртқы спикерлерді тарту да маңызды. Нагима (ҮЕҰ) медицина қызметкерлері жиі тегін дәріс оқитынын атап көрсетеді: «бұл бізге төленбейді». Полина (білім беру/балаларды қорғау) инклюзия сияқты алдымен қорқыныш пайда болады, бірақ содан кейін жағдайды құқықтық тәсіл арқылы өзгертуге болады деген қорытынды жасайды. Жыныстық сауаттылық мәселелері бойынша педагогтерді даярламау олардың осы сұрақтарда кәсіби құзыреттілігін шектейтін білім беру саясатының жүйелі кемшілігін көрсетеді. Нәтижесінде, сандық деректер респонденттердің педагогтермен талқылауға барынша төмен ашықтық танытқанын көрсетті, бұл сапалық талдау нәтижелерімен толық сәйкес келеді.

Респонденттердің мектептерде жыныстық сауаттылыққа көзқарасын талдау көрсеткендей (9-сұрақ), басым көпшілігі (54%) мектептің жүйелі және жан-жақты ақпарат беру мүмкіндігін дәлелдей отырып, осы пәнді мектеп бағдарламасына қосуды қолдайды. Сонымен қатар респонденттердің 14%-ы жыныстық сауаттылықтың мазмұны мәдени және діни ерекшеліктерді ескеруі керек деген пікір білдірді, ал респонденттердің 19%-ы мектепте жыныстық сауаттылықты оқытуға келіспейтіндіктерін білдірді: 8%-ы бұл мәселені тек отбасында талқылау керек деп санайды, ал 11%-ы бұл әркімнің жеке таңдауы екенін атап өтті. 13% респондентке жауап беру қиынға соқты.

Нақты тәжірибеге келетін болсақ (19-сұрақ), білім алушылардың 38%-ы өз мектебінде жыныстық сауаттылық жұмыстары жүргізіліп жатқанын атап өтті, бірақ көпшілігі (62%) мұндай іс-шаралар жоқ деп мәлімдеді. Іс-шаралардың болуын атап өткендердің арасында (20-сұрақ) сыныптан тыс жұмыстар (14%), қонақ дәрістері (11%) және сабақ шеңберіндегі тақырыптық сабақтар (13%) сияқты форматтар аталды. Респонденттердің жыныстық сауаттылық мәселелерін талқылау орынды болатын оқу пәндерін таңдауға қатысты (21-сұрақ) басым көпшілігі биология сабақтарын (59%) атап өтті. Сауалнамаға қатысқандардың бір бөлігі тәрбие сағатын (11%), ер балалар мен қыз балаларға жеке кездесулерді (17%), сондай-ақ Құқық негіздері (5%) және АӘД (3%) сабақтарын атап өтті. 5% респондент басқа нұсқаларды ұсынды.

Осылайша, нәтижелер білім алушылардың мектептердегі жыныстық сауаттылықты институционализациялауға қызығушылығының жоғары деңгейін көрсетеді. Мектептерде жыныстық сауаттылықты енгізу тәжірибесі фрагментарлық сипатта іске асуда және жүйелеуді қажет етеді.

Ата-аналармен жыныстық сауаттылық тақырыбындағы өзара әрекеттесу тәжірибесін талдау көрсеткендей (10-сұрақ), респонденттердің үштен бірі ғана (32%) оны оң деп сипаттап, қарым-қатынас процесінде қолдаудың, ашықтықтың және құрметтің болуын атап өтті. Бұл ретте 7% олардың сұрақтары немесе қиындықтары бағаланбағаны туралы хабарлады. Алайда басым топ (45%) бұл тақырыпта ата-аналармен қарым-қатынастың жоқтығын көрсетті, ал 16% респондентке жауап беру қиынға соқты.

Ата-аналарымен жыныстық сауаттылық мәселелерін талқылауға кедергі келтіретін негізгі факторлардың ішінде (11-сұрақ) респонденттер көбіне ұят деп белгіледі (45%). Сондай-ақ айтарлықтай үлес ата-ана тәрбиесінің ерекшеліктерін (14%) және ата-аналарға деген сенімнің жоқтығын (7%) көрсетті. Мәдени және ұлттық ерекшеліктер (4%), дәстүрлер (4%), ата-аналардың уақыт тапшылығы (5%) және тілдік қиындықтар (1%) туралы аз айтылды. Сонымен қатар 20% респондентке жауап беру қиын болды.

Сапалық талдау бұл сандардың артында терең мәдени механизмдер тұрғанын көрсетеді. Мәдени көзқарастар жыныстық сауаттылық тақырыбын қабылдау мен бұғаттауда шешуші рөл атқарады. Дене, қауіпсіздік және қарым-қатынас туралы ашық сөйлесуді тежейтін ең тұрақты символдардың бірі ұлттық бірегейлік пен моральдық норманың бөлігі ретінде қабылданатын ұят болып қала береді. Алма (ҮЕҰ): «бұл балалардың жыныстық сауаттылықтың тыйым салынған тақырып екенін түсініп өсуіне әкеледі» дейді. Мадина (мұғалім) ата-аналар көбіне «оларға бұл тақырыпты ешкім түсіндірмеді және ештеңе болмады» деп есептейтінін алға тартады. Осылайша, ұят жеке сезім ретінде ғана емес, қоғамда рұқсат етілген шекараны реттейтін мәдени механизм ретінде де жұмыс істейді. Мектеп жыныстық сауаттылық жөнінде ашық түсіндіруге дайын болғанымен, ата-аналардың қарсылығы үлкен кедергі болып қала береді. Алма (ҮЕҰ): «Ата-аналарымыз жыныстық сауаттылық дегенді түсінбейді, балаларымызды жыныстық қатынасқа үйретеді деп қорқады» деп қосты. Осы тақырыпты талқылауға заңды тіл мен әлеуметтік мақұлдаудың болмауы алаңдаушылық пен ұятты қамқорлықтың бір түрі ретінде қабылдауға әкеледі.

Мұғалімдермен және медицина қызметкерлерімен өзара әрекеттесу кезінде (12-сұрақ) респонденттердің 37%-ы қолдау мен құрметпен сипатталатын оң тәжірибені атап өтті. Сонымен қатар респонденттердің 9%-ы жағымсыз тәжірибе туралы хабарлады, ал 37%-ы осы тақырып бойынша өзара әрекеттеспегенін атап өтті. 17% респондент жауап беруге қиналды. Мұғалімдермен және медицина қызметкерлерімен қарым-қатынасқа кедергі ретінде (13-сұрақ) респонденттер көбіне сенімсіздік пен тақырыпты талқылаудан аулақ болуды (29%) және ұятты (26%) көрсетті. Мәдени-ұлттық ерекшеліктер (7%), дәстүрлер (6%), білім беру ерекшеліктері (7%) және тілдік қиындықтар (3%) туралы аз айтылды. Бұл ретте 22% респондентке жауап беру қиынға соқты.

Сапалық талдау нәтижелеріне сәйкес, білім беру ұйымдарының басшылығы көбіне ата-аналардың теріс реакциясынан қорқып, жыныстық сауаттылық мәселелерін көтеруден аулақ болады. Мадина (педагог): «КТП-да тақырып жоқ – және мұғалімдер оны көтермейді» деп атап өтті. Мұғалімдер қорқыныш пен сенімсіздікті сезінеді. Дамир (дәрігер): «мен оны қалай айтамын, жыныстық қатынас дегенді қалай айтамын деген секілді сұрақтар пайда болуы мүмкін» деп тұжырымдайды. Алма (ҮЕҰ) мұғалімдер сапалы материалдардың орнына Instagram-дағы жалған ақпаратқа назар аударуға мәжбүр екенін қосады.

Осылайша, нәтижелер жыныстық сауаттылық мәселелері бойынша қарым-қатынас отбасылық контексте де, мектепте де шектелгенін көрсетеді. Жетекші кедергілер психологиялық факторлар болып табылады (ұят, сенімсіздік), ал мәдени және тілдік ерекшеліктер екінші рөл атқарады.

Респонденттердің көпшілігі (85%) жыныстық сауаттылық барлық адамдар үшін – ұл балалар мен қыз балалар үшін бірдей маңызды деп санайды (14-сұрақ). Сауалнамаға қатысқандардың аз ғана бөлігі бұл салада ақпараттандыру тек қыздарға (4%) немесе тек

ұлдарға (3%) қажет деп санайды. Бұл ретте 8% респондент жауап беруде қиындықтарға тап болды. Осылайша, нәтижелер гендерлік бейтарап тәсілдің үстемдігін көрсетеді, бұл екі жыныс үшін де жыныстық тәрбиенің бірдей маңыздылығын білдіреді.

Респонденттердің физиология және репродуктивті денсаулық туралы білім деңгейіне қатысты сұрақтарға (15-18 сұрақтар) жауаптарын талдау өте гетерогенді көріністі көрсетті. Қарама-қарсы жыныстың физиологиясы туралы білімнің өзін-өзі бағалауы бойынша (15-сұрақ) қатысушылардың көпшілігі өздерінің білім деңгейлерін 10-нан 8-ге (27%) бағалады. Өз ағзасы туралы білімді өзін-өзі бағалау кезінде (16-сұрақ) хабардарлық деңгейі жоғары болды: респонденттердің 26%-ы өз білімдерін 10 ұпайға, 19%-ы 8, 13%-ы 9 ұпайға бағалады. Қатысушылардың аз ғана бөлігі өздеріне өте төмен баға берді (1-2 балл – 12%). Осылайша, қарама-қарсы жыныстың физиологиясымен салыстырғанда, өз денесі туралы хабардар болу айтарлықтай жоғары бағаланады.

Жүктілік немесе бала туу қай жастан мүмкін екендігі туралы сұраққа жауап бере отырып (17-сұрақ), респонденттердің басым көпшілігі «физиологиялық тұрғыда дайын болған кезде» жауабын (80%) көрсетті. Тек шағын топтар бұл мүмкіндікті белгілі бір жаспен байланыстырды: 12 жас (7%), 13 жас (5%), 14 жас (1%) және 16 жас (7%). Ұқсас картина жыныстық жолмен берілетін ауруларды неше жаста жұқтыруға болады деген сұраққа жауаптарда байқалады (18-сұрақ). Қатысушылардың көпшілігі (83%) жыныстық қатынас кезінде кез келген жаста берілуі мүмкін екенін атап өтті, бұл респонденттердің өз білім деңгейіне қатысты субъективті бағасының салыстырмалы түрде жоғары екенін көрсетеді. Сонымен қатар респонденттердің бір бөлігі бұл мүмкіндікті белгілі бір жаспен байланыстырды: 12 жас (4%), 13 жас (2%), 14 жас (4%), 15 жас (1%) және 16 жас (6%).

Осылайша, нәтижелер мынаны көрсетеді: респонденттер өз денесі туралы білімін салыстырмалы түрде жоғары бағаласа да, қарама-қарсы жыныстың физиологиясы туралы түсініктеріне сенімділік байқалмайды. Сонымен қатар репродуктивті денсаулыққа қатысты мәселелер бойынша (жүктілік және жыныстық жолмен берілетін инфекциялар) көпшілігі хабардарлықтың жоғары деңгейін көрсетеді. Бұл нәтижелер негізінен өзін-өзі бағалауға сүйенгендіктен, жасөспірімдердің субъективті хабардарлық деңгейін сипаттайды және нақты білім деңгейін толық көрсетпеуі ықтимал.

Біздің зерттеуіміз әлеуметтік медиа жасөспірімдер арасындағы жыныстық сауаттылық туралы ақпараттың басым көзі екенін көрсетті. Бұл халықаралық деректермен расталады: жасөспірімдер жылдам және қолжетімді онлайн контентті қажет етеді, ересектер жиі осындай тақырыптарды талқылау үшін сенімді немесе жайлы ортаны қамтамасыз ете алмайды (*Selkie et al., 2011*).

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес жасөспірімдердің ата-аналарымен ашықтық қарым-қатынасы төмен, бұл көптеген мәдениеттерге тән. Көбінесе жасөспірімдер мен ата-аналар ұятқа, тақырыпқа қатысты білімдерінің сенімсіздігіне, жетіспеушілігіне тап болады, бұл көптеген зерттеулермен расталады (*Usonwu et al., 2021*).

Пікірталастардың ашықтығы негізінен құрдастар арасында және әлеуметтік желілерде көрінеді, ал ата-аналар мен педагогтермен көрсеткіш төмен. Бұл мектепті жасөспірімдердің жеке мәселелер үшін қауіпсіз кеңістік бере алмайды деп түсінуімен түсіндіріледі (*Lee and Gu, 2024*).

Білім деңгейіне келетін болсақ, жасөспірімдер өздерін жеткілікті ақпараттандырылған деп бағалағанымен, олардың физиология, өсу, жүктілік жөнінде білімдері толық емес. Бұл

мектепте жыныстық сауаттылықтың жүйелі интеграциясы жоқ көптеген контексттерге тән (*Barriuso-Ortega et al., 2022*).

Біздің зерттеуімізде анықталған негізгі кедергілер – ұят, сенімсіздік және мәдени көзқарастар. Халықаралық зерттеулер де олардың отбасы мен мектепте ашық әңгімелер мен сапалы оқытуға кедергі келтіретінін растайды (*Malacane and Beckmeyer, 2022*).

Дегенмен мектептегі жыныстық сауаттылықты қолдау қажеттілігі жоғары деңгейде қалып отыр: жасөспірімдер мәдени және діни ерекшеліктерді ескере отырып жыныстық сауаттылыққа оқытуға оң көзқараспен қарайды. Бұл бағдарламалардың мәдени бейімделуі мен ғылыми негізділігінің маңыздылығын көрсететін UNESCO және ДДҰ алға тартқан кешенді жыныстық сауаттылық (*CSE*) принциптерімен байланысты (*UNESCO, 2025; World Health Organization, 2025*). Кең социологиялық контексте жыныстық сауаттылық мәселелері тек педагогикалық міндет ретінде ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік реттеу процестерінің бөлігі ретінде де қарастырылады. Атап айтқанда, М.Фуко ерлер мен әйелдердің дене бітіміне, репродуктивті мінез-құлқына және әлеуметтік рөлдеріне байланысты нормалар білімнің, әлеуметтік нормалар мен билік тетіктерінің қиылысында қалыптасатынын көрсетті. Оның биосаясат тұжырымдамасы шеңберінде мұндай процестер мемлекеттік және білім беру институттары мінез-құлық нормалары мен үлгілерін қалыптастыруға қатысатын әлеуметтік реттеу нысандары ретінде қарастырылады (*Foucault, 1978*).

Жалпы тұжырымдайтын болсақ, нәтижелер ақпараттың қолжетімділігі (әлеуметтік желілер арқылы) мен мектеп пен отбасылық ортадағы талқылау сапасы арасындағы алшақтықты көрсетеді. Бұл мектептердің, отбасылардың және білім беру саясатының жауапкершілігін кеңейтуді, сондай-ақ цифрлық, мәдени бейімделген шешімдерді біріктіруді талап етеді.

Алынған нәтижелердің жиынтығы қазақстандық жасөспірімдердің жыныстық сауаттылық деңгейі тек ресми білім беру арқылы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени контекстпен де анықталатындығын көрсетеді. Жасөспірімдер ақпаратты көбіне бейресми көздерден (интернет, құрдастар) алғандықтан, сыни түсініктер мен жүйелі көзқарас қажет етіледі.

Анықталған кедергілер (тақырыптың тыйым салынуы, ата-аналармен және педагогтермен қарым-қатынастың болмауы) дәстүрлі нормалардың үстемдік ететінін көрсетеді, мұндайда жыныстық сауаттылық мәселелері қоғамдық және білім беру дискурсынан тыс қалуда. Бұл әлеуметтенудің қосарлы моделінің қалыптасуына әкеледі: бір жағынан – нормативті тежеу, екінші жағынан – цифрлық орта арқылы ақпаратты бақылаусыз игеру.

Осылайша, институционалды жыныстық сауаттылықтың төмен деңгейі әлеуметтенудің бейресми арналарының рөлін күшейтеді, бұл репродуктивті денсаулық пен тұлғааралық қатынастар туралы түсініктердің бұрмалануына әкелуі мүмкін.

Сондай-ақ бұл зерттеуде ақпаратты таратудың тілдік аспектісі қарастырылмағанын атап өткен жөн. Қазақстан жағдайында білім беру және ақпараттық ресурстар тілі жасөспірімдердің репродуктивті денсаулық және жыныстық сауаттылық туралы білімге қолжетімділігіне әсер етуі ықтимал. Бұл фактор жеке зерттеуді қажет етеді және одан әрі зерттеу нысаны бола алады.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстандағы жасөспірімдер жүйелі жыныстық сауаттылыққа жоғары қажеттілікке ие, алайда сенімді ақпарат көздері өте шектеулі. Олар үшін басты арна әлеуметтік желілер болып табылады, ал ата-аналар, мұғалімдер мен медицина қызметкерлері қарым-қатынастағы кедергілерге – ұятқа, сенімсіздікке және мәдени көзқарастарға байланысты екінші рөл атқарады. Сонымен қатар респонденттердің көпшілігі мектептерде жыныстық сауаттылықты енгізуді қолдайды, бұл оның мәдени және діни бейімделу қажеттілігін көрсетеді. Жыныстық сауаттылық көп қабатты кедергілерге тап болуда: мәдени, институционалдық, әлеуметтік және экономикалық. Нәтижесінде жасөспірімдер жүйелі қолдауға ие емес және олардың денсаулығы, физиологиясы және қауіпсіздігі туралы білімдері фрагментарлық сипатқа ие. Кедергілерді еңсеру үшін адам құқықтарына, мамандар даярлауға және мәдени бейімделген бағдарламаларға негізделген мемлекеттік саясат қажет. Тек осы жағдайда ғана жыныстық сауаттылық жасөспірімдердің денсаулығы мен дамуының факторы ретінде білім беру жүйесінде орын алады.

Қаржыландыру: Зерттеу Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын жоба аясында жүзеге асырылды (Грант № AR19577392).

Авторлардың үлесі: **А.А. Мусабалинова** – ғылыми жетекшілік, кіріспе және зерттеу концепциясын таңдау; **А.С. Беймішева** – әдіснама, нәтижелерді интерпретациялау; **М.Е. Ауелтай** – деректерді жинау және талдау; **Д.Қ. Қуаныш** – қорытынды, мақаланы журнал талаптарына сәйкес редакциялау.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Үкіметі, 2001. Қазақстан Республикасындағы адамгершілік-жыныстық тәрбие жөніндегі тұжырымдама туралы. ҚР Үкіметінің қаулысы 21 қараша 2001 ж., №1500. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010001500_ [Қаралған күні: 21 тамыз 2025].
2. Ұлттық статистика бюросы, 2025. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. Available at: <https://stat.gov.kz/> [Қаралған күні: 21 тамыз 2025].
3. Шкутина, Л.А. & Кушнир, М.П., 2005. Система полового воспитания младших школьников. Хабаршысы – Вестник Карагандинского университета. Серия: Педагогика, (3)39, pp.33–40.
4. Barriuso-Ortega, S., Heras-Sevilla, D. & Fernández-Hawrylak, M., 2022. Análisis de programas de educación sexual para adolescentes en España y otros países. Revista Electrónica Educare, 26(2), pp.329–349. Available at: <https://www.redalyc.org/journal/1941/194172481018/html> [Accessed 23 August 2025].
5. Benavides-Torres, R.A., Onofre-Rodríguez, D.J., Márquez-Vega, M.A. & del Carmen Barbosa-Martinez, R., 2018. Sex education: Global perspectives, effective programs and socio-cultural challenges. New York: Nova Science Publishers.
6. Bureau of National statistics of the Agency for Strategic planning and reforms of the Republic of Kazakhstan, 2025. Demographic statistics. Available at: <https://stat.gov.kz/en/industries/social-statistics/demography/publications/> [Accessed 4 April 2025].
7. Foucault, M. The history of sexuality volume I //Feminist Studies. – Routledge, 1978. – pp.61-66.
8. Gradskova, Y., Kondakov, A. & Shevtsova, M., 2020. Post-socialist revolutions of intimacy: An introduction. Sexuality & Culture, 24(2), pp.359-370. <https://doi.org/10.1007/s12119-020-09706-8>

9. Jumageldinov, A., Nuradinov, A., Brunnet, A.E. & Derivois, D., 2020. Cultural risk factors of suicidal behavior among adolescents in Kazakhstan. *L'encephale*, 46(6), pp.500–502. <https://doi.org/10.1016/j.encep.2020.02.003>
10. Kabatova, K., 2018. Overcoming a taboo: Normalizing sexuality education in Kazakhstan. Central Asia Program. Available at: <https://centralasiaprogram.org/wp-content/uploads/2018/01/Kabatova-CAP-Fellows-Paper-January-2018.pdf> [Accessed 23 August 2025].
11. Kabatova, K., 2022. Purity vs. safety: How Uyat undermines youth's sexual literacy in Kazakhstan. In: *Uyat and the Culture of Shame in Central Asia*. Singapore: Springer Nature Singapore, pp.23–41.
12. Kelly, J.B., 1997. The best interests of the child: A concept in search of meaning. *Family Court Review*, 35(4), pp.377–387. <https://doi.org/10.1111/J.174-1617.1997.TB00480.X>
13. Ketting, E. & Ivanova, O., 2018. Sexuality education in Europe and Central Asia: State of the art and recent developments. Federal Centre for Health Education (BZgA) and IPPF European Network. Available at: <https://www.bzga-whocc.de> [Accessed 23 August 2025].
14. Lee, J.H. & Gu, Y., 2024. Fostering open dialogue: Creating safe spaces for adolescents to discuss sexual health. *Georgetown Medical Review*, 8(1). doi:10.52504/001c.121577
15. Malacane, M. & Beckmeyer, J.J., 2016. A review of parent-based barriers to parent-adolescent communication about sex and sexuality: Implications for sex and family educators. *American Journal of Sexuality Education*, 11(1), pp.27–40. <https://doi.org/10.1080/15546128.2016.1146187>
16. Mendes, J.A.D.A. & Ormerod, T., 2019. The best interests of the child: An integrative review of English and Portuguese literatures. *Psicologia em Estudo*, 24, e45021.
17. Nurtaza, A.A., Nagi, G.Z. & Mazhitova, P.A., 2021. The need of sex education in Kazakhstan. *KAZGUU Liberal Arts Digest*, 1, pp.119–134.
18. Selkie, E.M., Benson, M. & Moreno, M., 2011. Adolescents' views regarding uses of social networking websites and text messaging for adolescent sexual health education. *American Journal of Health Education*, 42(4), pp.205–212. <https://doi.org/10.1080/19325037.2011.10599189>
19. Telzhan, V., 2022. Socio-psychological aspects of sex education. *Психология және социология сериясы. Хабаршы*, 4(83), pp.81–88. doi:10.26577/jrcp.2022.v82.i4.08.
20. UN Special Rapporteur on freedom of religion or belief, 2010. Report to the Human Rights Council (Effort to Protect and Promote). A/65/207.
21. UNESCO, 2022. The journey towards comprehensive sexuality education: Global status report. Paris: UNESCO. Available at: <https://www.unesco.org> [Accessed 20 August 2025].
22. UNESCO, 2025. International technical guidance on sexuality education: An evidence-informed approach. Paris: UNESCO. Available at: <https://www.unesco.org/en/articles/international-technical-guidance-sexuality-education-evidence-informed-approach> [Accessed 23 August 2025].
23. UNFPA Kazakhstan, 2020. Анализ социально-экономических факторов распространения аборт в Республике Казахстан. United Nations Population Fund. Available at: https://kazakhstan.unfpa.org/sites/default/files/pub-pdf/report_on_abortion_final_08.02.21_2_1.pdf [Дата обращения: 21 августа 2025].
24. UNFPA Kazakhstan, 2020a. Осведомленность о методах планирования семьи в Казахстане. Available at: <https://kazakhstan.unfpa.org/sites/default/files/pubpdf/contraceptionreport.pdf> [Дата обращения: 22 августа 2025].
25. UNFPA Kazakhstan, 2020b. Kazakhstan adolescents demand information to avoid teenage pregnancies. Available at: <https://www.unfpa.org/news/kazakhstan-adolescents-demandinformation-avoid-teenage-pregnancies> [Accessed 22 August 2025].
26. UNFPA, 2021. Comprehensive sexuality education in the EECA region: Current status and future perspectives. United Nations Population Fund. Available at: <https://eeca.unfpa.org> [Accessed 20 August 2025].

27. Usonwu, I., Ahmad, R. & Curtis-Tyler, K., 2021. Parent-adolescent communication on adolescent sexual and reproductive health in sub-Saharan Africa: a qualitative review and thematic synthesis. *Reproductive Health*, 18, 202. <https://doi.org/10.1186/s12978-021-01246-0>

28. Wellings, K., Palmer, M.J., Geary, R.S., Gibson, L.J., Copas, A., Datta, J. & Wilkinson, P., 2016. Changes in conceptions in women younger than 18 years and the circumstances of young mothers in England in 2000–12: an observational study. *The Lancet*, 388(10044), pp.586-595.

29. World Health Organization, 2025. Adolescent sexual and reproductive health and rights. World Health Organization. Available at: [https://www.who.int/teams/sexual-and-reproductive-health-and-research-\(srh\)/areas-of-work/adolescent-and-sexual-and-reproductive-health-and-rights](https://www.who.int/teams/sexual-and-reproductive-health-and-research-(srh)/areas-of-work/adolescent-and-sexual-and-reproductive-health-and-rights) [Accessed 23 August 2025].

А.А. Мусабалинова¹, А.С. Беймишева², М.Е. Ауелтай³, Д.Қ. Қуаныш⁴

¹Университет КИМЭП, Алматы, Қазақстан

^{2,3,4}Университет Нархоз, Алматы, Қазақстан

ПОЛОВАЯ ГРАМОТНОСТЬ КАЗАХСТАНСКИХ ПОДРОСТКОВ: ЗНАНИЯ, ПРИНЦИПЫ И БАРЬЕРЫ

Аннотация. Целью исследования было комплексное изучение знаний, взглядов и опыта подростков в вопросах половой грамотности в школьной среде, а также факторов, определяющих её развитие, возможности и ограничения. Исследование включало количественные и качественные методы. Количественный опрос позволил выявить уровень осведомленности подростков, источники информации и степень открытости обсуждения, тогда как качественные интервью с педагогами, представителями НПО, медицинскими и государственными работниками помогли глубже понять социально-культурные, институциональные и социальные барьеры, а также определить приемлемые формы и содержание обучения половой грамотности.

Количественный анализ был основан на кросс-секционном дизайне и проведён в форме анонимного опроса. Опрос включал 22 вопроса, сгруппированных в восемь тематических блоков: уровень осведомлённости, источники информации, открытость обсуждения, отношение к преподаванию половой грамотности в школе, опыт взаимодействия и барьеры, значимость информатизации, уровень знаний и понимания, заключительные выводы. В исследовании приняли участие 100 подростков. Поскольку выборка построена по принципу доступности и охватывает преимущественно городских респондентов (88%), степень обобщения полученных результатов для всех подростков Казахстана ограничена. Обработка данных проводилась в программах Excel и Jamovi с использованием описательной статистики.

В качественном анализе использовались полуструктурированные интервью. Они охватывали такие блоки, как социально-культурные аспекты восприятия и сопротивления половой грамотности, институциональная готовность системы образования, а также внешние обстоятельства и системные факторы. В исследовании приняли участие 19 респондентов – представители НПО, органов управления образованием, педагоги, врачи и медицинские работники. Данные были транскрибированы, закодированы и подвергнуты тематическому анализу.

Результаты показали, что основным источником информации для подростков остаются социальные сети, в то время как роль родителей, педагогов и медицинских работников ограничена. Ключевыми барьерами в обсуждении темы стали культурные установки (стыд), родительское сопротивление и отсутствие институциональной поддержки в школах. Подростки продемонстрировали высокую потребность в системной и культурно адаптированной модели половой грамотности, основанной на сотрудничестве семьи, школы и государства.

Ключевые слова: половая грамотность, подростки, гендерная идентичность, социальные барьеры, родители и школа, источники информации.

A.A. Mussabalinova¹, A.S. Beimisheva², M.E. Auyeltay³, D.K. Kuanysh⁴

¹*KIMEP University, Almaty, Kazakhstan*

^{2,3,4}*Narxoz University, Almaty, Kazakhstan*

SEXUAL LITERACY OF KAZAKHSTANI TEENAGERS: KNOWLEDGE, PRINCIPLES AND BARRIERS

Abstract. The purpose of the study was a comprehensive study of the knowledge, views and experiences of adolescents regarding sexual literacy in the school environment, as well as the factors determining its development, opportunities and limitations. The study included quantitative and qualitative methods. The quantitative survey revealed the level of awareness of adolescents, sources of information, and the degree of openness of discussion, while qualitative interviews with educators, NGO representatives, medical professionals, and government officials helped to better understand socio-cultural, institutional, and social barriers, as well as identify acceptable forms and content of sex literacy education. The quantitative analysis was based on a cross-sectional design and conducted in the form of an anonymous survey. The survey included 22 questions grouped into eight thematic blocks: the level of awareness, sources of information, openness of discussion, attitudes towards teaching sexual literacy at school, experience of interaction and barriers, the importance of informatization, the level of knowledge and understanding, and final conclusions. The study involved 100 teenagers. Since the sample is based on the principle of accessibility and covers mainly urban respondents (88%), the degree of generalization of the results obtained for all adolescents in Kazakhstan is limited. The data was processed in Excel and Jamovi using descriptive statistics. Semi-structured interviews were used in the qualitative analysis. They covered such blocks as socio-cultural aspects of perception and resistance to sexual literacy, the institutional readiness of the education system, as well as external circumstances and systemic factors. The study involved 19 respondents – representatives of NGOs, educational authorities, teachers, doctors, and medical professionals. The data was transcribed, encoded, and thematically analyzed. The results showed that social networks remain the main source of information for teenagers, while the role of parents, teachers, and medical professionals is limited. The key barriers in discussing the topic were cultural attitudes (shame), parental resistance, and lack of institutional support in schools. Adolescents have demonstrated a high need for a systematic and culturally adapted model of sexual literacy based on cooperation between family, school, and the state.

Keywords: sexual literacy, adolescents, gender identity, social barriers, parents and school, sources

References

1. Barriuso-Ortega, S., Heras-Sevilla, D. & Fernández-Hawrylak, M., 2022. Análisis de programas de educación sexual para adolescentes en España y otros países. *Revista Electrónica Educare*, 26(2), pp.329–349. Available at: <https://www.redalyc.org/journal/1941/194172481018/html> [Accessed 23 August 2025].
2. Benavides-Torres, R.A., Onofre-Rodríguez, D.J., Márquez-Vega, M.A. & del Carmen Barbosa-Martinez, R., 2018. *Sex education: Global perspectives, effective programs and socio-cultural challenges*. New York: Nova Science Publishers.
3. Bureau of National statistics of the Agency for Strategic planning and reforms of the Republic of Kazakhstan, 2025. Demographic statistics. Available at: <https://stat.gov.kz/en/industries/social-statistics/demography/publications/> [Accessed 4 April 2025].
4. Foucault, M. *The history of sexuality volume I // Feminist Studies*. – Routledge, 1978. – pp.61-66.
5. Gradszkova, Y., Kondakov, A. & Shevtsova, M., 2020. Post-socialist revolutions of intimacy: An introduction. *Sexuality & Culture*, 24(2), pp.359-370. <https://doi.org/10.1007/s12119-020-09706-8>
6. Jumageldinov, A., Nuradinov, A., Brunnet, A.E. & Derivois, D., 2020. Cultural risk factors of suicidal behavior among adolescents in Kazakhstan. *L'encephale*, 46(6), pp.500–502.

7. Kabatova, K., 2018. Overcoming a taboo: Normalizing sexuality education in Kazakhstan. Central Asia Program. Available at: <https://centralasiaprogram.org/wp-content/uploads/2018/01/Kabatova-CAP-Fellows-Paper-January-2018.pdf> [Accessed 23 August 2025].
8. Kabatova, K., 2022. Purity vs. safety: How Uyat undermines youth's sexual literacy in Kazakhstan. In: *Uyat and the Culture of Shame in Central Asia*. Singapore: Springer Nature Singapore, pp.23–41.
9. Kelly, J.B., 1997. The best interests of the child: A concept in search of meaning. *Family Court Review*, 35(4), pp.377–387. <https://doi.org/10.1111/J.174-1617.1997.TB00480.X>
10. Ketting, E. & Ivanova, O., 2018. Sexuality education in Europe and Central Asia: State of the art and recent developments. Federal Centre for Health Education (BZgA) and IPPF European Network. Available at: <https://www.bzga-whocc.de> [Accessed 23 August 2025].
11. Lee, J.H. & Gu, Y., 2024. Fostering open dialogue: Creating safe spaces for adolescents to discuss sexual health. *Georgetown Medical Review*, 8(1). doi:10.52504/001c.121577
12. Malacane, M. & Beckmeyer, J.J., 2016. A review of parent-based barriers to parent-adolescent communication about sex and sexuality: Implications for sex and family educators. *American Journal of Sexuality Education*, 11(1), pp.27–40. <https://doi.org/10.1080/15546128.2016.1146187>
13. Mendes, J.A.D.A. & Ormerod, T., 2019. The best interests of the child: An integrative review of English and Portuguese literatures. *Psicologia em Estudo*, 24, e45021.
14. Nurtaza, A.A., Nagi, G.Z. & Mazhitova, P.A., 2021. The need of sex education in Kazakhstan. *KAZGUU Liberal Arts Digest*, 1, pp.119–134.
15. Qazaqstan Respublikasy Ukimeti, 2001. Qazaqstan Respublikasindagy adamgershilik-zhynystyq tarbie zhonindegi tuzhyrymdama turaly [Қазақстан Республикасындағы адамгершілік-жыныстық тәрбие жөніндегі тұжырымдама туралы]. *QR Ukimetinin qaulysy*, 21 қараша 2001 zh., №1500. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010001500_ [in Kazakh]
16. Selkie, E.M., Benson, M. & Moreno, M., 2011. Adolescents' views regarding uses of social networking websites and text messaging for adolescent sexual health education. *American Journal of Health Education*, 42(4), pp.205–212. <https://doi.org/10.1080/19325037.2011.10599189>
17. Shkutina, L.A. & Kushnir, M.P., 2005. Sistema polovogo vospitaniya mladshikh shkolnikov [Система полового воспитания младших школьников]. *Kharagandinskogo universiteta vestnik. Seriya: Pedagogika*, (3)39, pp.33–40. [in Russian]
18. Telzhan, V., 2022. Socio-psychological aspects of sex education. *Психология және социология сериясы. Хабаршы*, 4(83), pp.81–88. doi:10.26577/jpcp.2022.v82.i4.08.
19. Ulttyq statistika byurosy, 2025. Qazaqstan Respublikasy Strategiyalyq zhosparlau zhane reformalar agenttigi [Ұлттық статистика бюросы. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі]. Available at: <https://stat.gov.kz/> [in Kazakh].
20. UN Special Rapporteur on freedom of religion or belief, 2010. Report to the Human Rights Council (Effort to Protect and Promote). A/65/207.
21. UNESCO, 2022. The journey towards comprehensive sexuality education: Global status report. Paris: UNESCO. Available at: <https://www.unesco.org> [Accessed 20 August 2025].
22. UNESCO, 2025. International technical guidance on sexuality education: An evidence-informed approach. Paris: UNESCO. Available at: <https://www.unesco.org/en/articles/international-technical-guidance-sexuality-education-evidence-informed-approach> [Accessed 23 August 2025].
23. UNFPA Kazakhstan, 2020. Analiz sotsialno-ekonomicheskikh faktorov rasprostraneniya abortov v Respublike Kazakhstan [Анализ социально-экономических факторов распространения абортов в Республике Казахстан]. United Nations Population Fund. Available at: https://kazakhstan.unfpa.org/sites/default/files/pub-pdf/report_on_abortion_final_08.02.21_2_1.pdf [in Russian].
24. UNFPA Kazakhstan, 2020a. Osvedomlennost o metodakh planirovaniya semi v Kazakhstane [Осведомленность о методах планирования семьи в Казахстане]. Available at: <https://kazakhstan.unfpa.org/sites/default/files/pubpdf/contraceptionreport.pdf> [in Russian].

25. UNFPA Kazakhstan, 2020b. Kazakhstan adolescents demand information to avoid teenage pregnancies. Available at: <https://www.unfpa.org/news/kazakhstan-adolescents-demand-information-avoid-teenage-pregnancies> [Accessed 22 August 2025].

26. UNFPA, 2021. Comprehensive sexuality education in the EECA region: Current status and future perspectives. United Nations Population Fund. Available at: <https://eeca.unfpa.org> [Accessed 20 August 2025].

27. Usonwu, I., Ahmad, R. & Curtis-Tyler, K., 2021. Parent-adolescent communication on adolescent sexual and reproductive health in sub-Saharan Africa: a qualitative review and thematic synthesis. *Reproductive Health*, 18, 202. <https://doi.org/10.1186/s12978-021-01246-0>

28. Wellings, K., Palmer, M.J., Geary, R.S., Gibson, L.J., Copas, A., Datta, J. & Wilkinson, P., 2016. Changes in conceptions in women younger than 18 years and the circumstances of young mothers in England in 2000–12: an observational study. *The Lancet*, 388(10044), pp.586-595.

29. World Health Organization, 2025. Adolescent sexual and reproductive health and rights. World Health Organization. Available at: [https://www.who.int/teams/sexual-and-reproductive-health-and-research-\(srh\)/areas-of-work/adolescent-and-sexual-and-reproductive-health-and-rights](https://www.who.int/teams/sexual-and-reproductive-health-and-research-(srh)/areas-of-work/adolescent-and-sexual-and-reproductive-health-and-rights) [Accessed 23 August 2025].

Авторлар туралы мәлімет

Мусабалинова А. А. – хат-хабар авторы, PhD, КИМЭП университеті, Абай даңғылы, 2, Алматы, Қазақстан

Беймишева А. С. – PhD, профессор, Нархоз университеті, Жандосов көшесі, 55, Алматы, Қазақстан

Әуелтай М. Е. – әлеуметтік ғылымдар магистрі, Нархоз университеті, Жандосов көшесі, 55, Алматы, Қазақстан

Қуаныш Д. Қ. – 2-курс магистранты, Нархоз университеті, Жандосов көшесі, 55, Алматы, Қазақстан

Сведения об авторах

Мусабалинова А. А. – автор для корреспонденции, PhD, Университет КИМЭП, проспект Абая, 2, Алматы, Казахстан

Беймишева А. С. – PhD, профессор, Университет Нархоз, ул. Жандосова, 55, Алматы, Казахстан

Ауелтай М. Е. – магистр социальных наук, Университет Нархоз, ул. Жандосова, 55, Алматы, Казахстан

Қуаныш Д. Қ. – магистрант 2 курса, Университет Нархоз, ул. Жандосова, 55, Алматы, Казахстан

Information about the authors

Musabalinova A. A. – corresponding author, PhD, KIMEP University, 2 Abai Avenue, Almaty, Kazakhstan

Beimisheva A. S. – PhD, Professor, Narxoz University, 55 Zhandosov St., Almaty, Kazakhstan

Aueltai M. E. – Master of Social Sciences, Narxoz University, 55 Zhandosov St., Almaty, Kazakhstan

Kuanysh D. K. – 2nd year Master's student, Narxoz University, 55 Zhandosov St., Almaty, Kazakhstan



Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4>).